December 24, 2025

Review of Dissertation by Saule Mustafakyzy Syzdykova titled "Sociological analysis of mediation in the resolving family disputes in Kazakhstan"

The above referenced dissertation provides a thorough and cogent discussion and analysis of the current status and enormous potential of the use of mediation in the resolution of family disputes, especially in cases of divorce. The dissertation is comprised of three chapters and a conclusion. The dissertation begins with an introduction to the study and a discussion of its underlying theoretical frameworks, the importance of the study within the context of Kazakh society and justification for the research. Chapter one is comprised of a review of relevant literature, Chapter two is devoted to an empirical analysis of family disputes and mediation experience in Kazakhstan and, chapter three focuses on expert evaluation of mediation in regulating disputes in Kazakhstan. The conclusion recaps information contained in the three chapters and recommendations for increasing the use of mediation in family disputes.

The first chapter of the dissertation provides a thorough review of the literature, which includes cross-national scholarship on the use and value of mediation in family disputes. Importantly, this chapter sets the stage for the theoretical and methodological frameworks used in chapter two. The literature review includes scholarly works on classical theories of conflict and social order, institutional and sociological theories of social practice, contemporary research on mediation and alternative dispute resolution and research on mediation within the context of Kazakh society. Collectively these works suggest that conflict can lead to cooperation that is a win-win for most, if not all, parties to the conflict, especially when children are involved. Additionally, the chapter details the 10 research goals, objectives and six hypotheses to be tested. The research methodology is extensive, multifaceted and rigorous.

The second chapter of the dissertation contains the empirical analysis of the research project. The mixed-methods design utilized in the research combines a large scale quantitative on-line survey with a expert (professional practitioners) qualitative interviews. The methodological design allows for an assessment of the impact of social, emotional, communicative and structural socio-demographic group was consistently better informed about mediation. Another interesting finding is that 58% of respondents, who had used mediation, indicated that disputes were resolved within one month, which is relatively high factor on conflict dynamics and Kazakhs' readiness for embracing mediation. The study's findings are interesting and instructive. Exemplary of this is variation and inconsistency in the level of public awareness regarding mediation as a mechanism for resolving family disputes prior to seeking legal redress, which is also impacted by several factors. The analysis also revealed that not a single procedural efficiency compared to judicial proceedings. The findings also revealed that the primary reasons for low demand for mediation services include very low public awareness, lack of trust, weak

MVSU 7297 | 14000 Hwy. 82 West | Itta Bena, MS 38941-1400
662.254.3800 Phone | 662.254.3784 Fax
www.mvsu.edu

institutional promotion by legal authorities, limited dissemination of mediation outcomes, and unwillingness to reconcile. Interestingly, property disputes were not cited as prevalent factors in family conflicts.

The third chapter contains results from interviews with professionals from various regions of Kazakhstan, which revealed a range of perceptions and approaches to the mediation process. While the findings reveal that, despite regional and institutional differences, there is a high level of conceptual convergence among experts regarding the fundamental principles of family mediation, including voluntariness, neutrality, confidentiality, and party self-determination but, different professional emphases impact how mediation is interpreted and applied in practice. Such differences were found to be associated with mediators' educational backgrounds, institutional affiliations, and practical experiences. Analysis of the interview data also indicates that mediators view courts as the primary institutional gateway to mediation, which enhances its legitimacy, accessibility, and enforceability. But, they also worry that excessive judicial framing can reduce mediation to a formal procedural step rather than an autonomous, dialogue-driven process.

Collectively, the chapters of the dissertation are logically connected and offer an exciting glimpse into the integration of mediation and some of the more traditional forms of family conflict resolution into a model that reduces animosity, bitterness, anger and non-cooperative behavior for the good of the family and society. Importantly, this work makes an important contribution to closing the gap between theory and practice, as well potentially increasing decision-makers' understanding of the role of mediation in reducing protracted family disputes.

Sincerely,

DocuSigned by:

Kathie Stromile Golden

28D8B7928E0A41D...

Kathie Stromile Golden, Provost/Senior Vice President for Academic Affairs
Professor of Political Science and Sociology

Миссисипи аңғары Мемлекеттік Университеті

2025 жылғы 24 желтоқсан

Сауле Мұстафақызы Сыздықованың «Қазақстандағы отбасылық дауларды реттеудегі медиацияны әлеуметтік талдау» атты диссертациясына пікір

Аталған диссертация Қазақстандағы отбасылық дауларды, әсіресе ажырасу жағдайларында шешуде медиацияны қолданудың қазіргі жағдайы мен зор әлеуетіне жан-жақты және жүйелі талдау жасайды. Диссертация үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Зерттеу кіріспеден басталып, онда жұмыстың жалпы сипаттамасы, қолданылған теориялық негіздері, тақырыптың Қазақстан қоғамы үшін өзектілігі және зерттеудің ғылыми негіздемесі қарастырылған. Бірінші бөлімде тиісті ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған. Екінші бөлім Қазақстандағы отбасылық даулар мен медиация тәжірибесіне арналған эмпирикалық талдауға бағытталған. Ал үшінші бөлімде Қазақстандағы дауларды реттеудегі медиацияның тиімділігі сарапшылар тұрғысынан бағаланады. Қорытынды бөлімде үш тарауда ұсынылған негізгі нәтижелер жинақталып, отбасылық дауларды реттеуде медиацияны кеңінен қолдану бойынша ұсыныстар беріледі.

Диссертацияның бірінші тарауында әдебиеттерге жан-жақты шолу жасалып, отбасылық дауларды реттеудегі медиацияның мәні мен маңызын қарастыратын халықаралық зерттеулер қамтылған. Бұл тарау екінші тарауда қолданылатын теориялық және әдіснамалық негіздерді қалыптастырады. Әдебиеттерге шолу классикалық қақтығыс және әлеуметтік тәртіп теорияларын, әлеуметтік практиканың институционалдық және социологиялық теорияларын, медиация және дауларды баламалы шешу тәсілдеріне арналған заманауи зерттеулерді, сондай-ақ Қазақстан қоғамы контекстіндегі медиация мәселелерін қамтиды. Бұл еңбектер жиынтығы даудың, әсіресе балалар қатысқан жағдайда, барлық тараптар үшін тиімді «жеңіс–жеңіс» нәтижесіне алып келетін ынтымақтастыққа негіз бола алатынын көрсетеді. Сонымен қатар, тарауда зерттеудің 10 мақсаты мен міндеттері және тексеруге ұсынылған алты гипотеза егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу әдіснамасы кең ауқымды, көпқырлы және ғылыми тұрғыдан негізделген.

Диссертацияның екінші тарауында зерттеу жобасының эмпирикалық талдауы ұсынылған. Зерттеуде қолданылған аралас әдістерге mixed-methods негізделген дизайн ауқымды онлайн-сауалнаманы және сарапшылармен (тәжірибелі мамандармен) жүргізілген сапалық сұхбаттарды біріктіреді. Мұндай әдіснамалық тәсіл әлеуметтік, эмоциялық, коммуникативтік және құрылымдық факторлардың медиацияны

қабылдауға ықпалын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері белгілі бір әлеуметтік-демографиялық топтардың медиация туралы анағұрлым жақсы хабардар екенін көрсетті. Сонымен қатар, медиацияны қолданған респонденттердің 58%-ы даулардың бір ай ішінде шешілгенін атап өткен, бұл қақтығыстар динамикасы және қазақстандықтардың медиацияны қабылдауға дайындығы тұрғысынан маңызды көрсеткіш болып табылады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мазмұнды әрі практикалық маңызы жоғары.

Атап айтқанда, отбасылық дауларды сотқа дейін медиация арқылы шешу мүмкіндігі туралы халықтың хабардарлық деңгейінде айқын айырмашылықтар мен тұрақсыздық бар екені анықталған, бұл бірқатар факторларға тәуелді. Талдау нәтижелері медиацияның сот рәсімдерімен салыстырғанда рәсімдік тиімділігі жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, медиация қызметтеріне сұраныстың төмен болуының негізгі себептері ретінде халықтың ақпараттану деңгейінің төмендігі, сенімнің жеткіліксіздігі, құқық қорғау және заң органдары тарапынан институционалдық ілгерілетудің әлсіздігі, медиация нәтижелерінің кеңінен таратылмауы және тараптардың татуласуға дайын болмауы айқындалған. Бір қызығы, мүліктік даулар отбасылық даулар негізгі факторы ретінде жиі аталған жоқ.

Үшінші тарауда Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі мамандармен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері берілген, олар медиация үдерісіне қатысты көзқарастар мен тәсілдердің алуан түрлілігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері өңірлік және институционалдық айырмашылықтарға қарамастан, сарапшылар арасында отбасылық медиацияның негізгі қағидаттарына қатысты жоғары деңгейдегі ортақ түсінік бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, бұл қағидаттарға еріктілік, бейтараптық, құпиялылық және тараптардың өзін-өзі анықтауы жатады. Дегенмен, әртүрлі кәсіби бағыттар медиацияны тәжірибеде түсіндіру мен қолдануға ықпал ететіні анықталды. Мұндай айырмашылықтар медиаторлардың білім деңгейімен, институционалдық тиесілігімен және практикалық тәжірибесімен байланысты.

Сұхбат деректерін талдау медиаторлардың соттарды медиацияға бағыттайтын негізгі институционалдық арна ретінде қарастыратынын көрсетті, бұл оның легитимділігін, қолжетімділігін және орындалуын арттырады. Алайда, сонымен қатар, олар соттық шеңбердің шамадан тыс басымдығы медиацияны дербес, диалогқа негізделген үдеріс емес, тек формалды рәсімдік кезеңге айналдыру қаупін туындататынына алаңдаушылық білдіреді.

Жалпы алғанда, диссертацияның тараулары өзара логикалық байланыста құрылып, медиацияны отбасылық дауларды реттеудің дәстүрлі тәсілдерімен ұштастыра отырып, отбасылар мен қоғам игілігі үшін даудағы өшпенділік, реніш, ашу-ыза және ынтымақтастыққа келмеу сияқты

жағымсыз құбылыстарды азайтатын тиімді модельді қалыптастыру мүмкіндігін көрсетеді. Бұл зерттеу теория мен практиканың арасындағы алшақтықты қысқартуға елеулі үлес қосып қана қоймай, сонымен қатар шешім қабылдаушылардың ұзаққа созылатын отбасылық дауларды азайтудағы медиацияның рөлін тереңірек түсінуіне ықпал етеді.

Құрметпен,
/қолы қойылған/
Кэти Стромиль Голден
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор / аға вице-президент
Саяси ғылым және Әлеуметтану профессоры

Академиялық мәселелер жөніндегі кеңсе
MVSU 7297 | 82 батыс тасжолы, 14000 | Итта-Бена, Миссисипи штаты 38941-1400
Тел.: 662.254.3800 | Факс: 662.254.3784
www.mvsu.edu





